

2022-2023 оку жылына арналған №281 негізгі мектебі» КММіндегі тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оку – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірынғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралады. 2022-2023 оку жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің негіздері шенберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары жинақталып, папкіге салынды. Олар:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституациясы;
- 3)«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4)«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заны;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IY Заны;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заны;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заны;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БFM 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БFM 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбие мақсаты:

- * Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруға ұйымдастыру;
- * Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды ескере отырып, жаңа оку жылында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басым бағыттары қарастырылады.
- * Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен занды мұдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу.
- * Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамыту, оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтауы, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау.

2022-2023 оку жылындағы тәрбие міндеттері:

- 1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.
- 2) оқушылардың оку іс-әрекетіне тұрақты ынтасын дамыту, білім беру мен өз бетінше білім алудың өмір мен қызмет үшін маңыздылығын ұғындыру.
- 3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сынни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту.
- 4) Елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.

5) тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сактауды белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.

6) Мектеп пен ата-аналардың ө-ара іс-қимыл форматын ұйымдастыру, әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-ана бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау.

7) Балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің ролін арттыру, сондай-ақ дene шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру.

8) балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру.

9) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

10) Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу және жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеу, «Тәуекел» тобындағы балаларды мектеп өміріне, сыныпқа, үйірмелер, секциялар сабактарына барынша тарту.

11) Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.

12) Оқыту мен тәрбиелеу процесінде нәтижені Құндылыққа бағдарланған тәсіл арқылы іске асыру

13) Мектеп медиация қызметін жемісті жолға қою арқылы, мектепті қауіпсіз кеңістікке айналдырып, өскелең үрпақтың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру.

14) Мектептің жайлы кеңістігін жобалай отырып, білім алушылардың оқу процесіне қатысуын, академиялық жетістіктерін, мінез-құлыш үлгілерін, эмоционалды әл-ауқатын арттыруға әсер ету.

15) Қолайлы білім беру ортасын құруда сыннып жетекшілер рөлін арттыру.

2022-2023 оқу жылына арналған мектептің тәрбие қызметінің басым бағыттары:

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие.

3. Ұлттық тәрбие.

4. Отбасылық тәрбие.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Жоспарланған нәтижелер:

• Тұлектің патриот азамат ретіндегі моделі, білімді адам, еркін, мәдени, адамгершілік, өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлға, әлеуметтік жетілу, өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік, жеке тұлғаны сезіну, қоғамдық тану қажеттілігі, қажетті білім деңгейі. Оқушылар ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін қалыптастырады.

• Оқушылар жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытталған оқушылардың өзін-өзі басқарудың ұжымдық шығармашылық қызметіне белсенді қатысады.

• Тәрбие жұмысының жүйесін тақырыптық кезеңдерге біріктіру арқылы ашықтық, жүйелілік болады; мұндан жүйе тәрбие жұмысының әрбір бағытын іске асыруға бағдарланады.

• Оқушылардың ең көп саны қосымша білім беру жүйесіне енгізілген. Үйірмелерде сабактарды ұйымдастыру адамның таным мен шығармашылыққа деген ынтасын дамытуға бағытталады.

• Сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігі мен өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасы артады, соның арқасында сынныптардағы тәрбие жұмысының тиімділігі артады.

• Оқу процесінің тиімділігін бақылау жүйесі оқу процесінде болып жатқан өзгерістерді және оларды тудыратын факторларды уақтылы анықтауға және талдауға мүмкіндік береді.

• Ата-аналардың педагогикалық мәдениетті арттырылады, жұмыс жүйесі ата-аналардың шығармашылық әлеуетін ашуға, Отбасы дәстүрлері мысалында отбасылық тәрбиені

жетілдіруге, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін күшайтуге ықпал етеді.

Жоспарланған жұмыстар мен бағыттар және жобалар бойынша тәрбие үдерісі үздіксіз жүреді. Аталған жұмыс бағдарына орай, жоспарлары жасалынып, түрлі жұмыстар жүргізілуде. Шуакты қыркүйек айының алғашқы күні білім мерекесі «Терен білім, еңбеккорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбымен алғашқы қоңырау салтанатты жиыны болды.

Қазақстан халықтарының Тілдері күні мерекесіне орай «Тіл-алтын көпір» тақырыбымен 5-7 сыныптар арасында чөллендік өткізілді. Оқушылар, ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың туганына 175 жыл толуына орай өлеңдерін үш тілде жатқа оқыды. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында полиция қызметкерлерімен бірлескен жиналыс өткізілді. Заң баптары, мектептің ішкі тәртіп ережесі таныстырылды. Бастауыш сыныптар аралығында «Отбасы-бақыт мекені» апталығында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. «Бала тәрбиесі-баршаның ісі» жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, келелі мәселелер қозғалып, сонында «Отбасым-өнер - өрісім» атты концерт ұйымдастырылды. «Ұстаз-бала бағбаны» тақырыбында сынып жетекшілер отырысы өткізіліп, бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер талқыланыды. «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі қырын кетпесін» тақырыптарымен қыздар жиналысы жасалынып, әдел, иба, тәртіп мәселелері қозғалды. Баланың қызығушылығын ояту мақсатында мектеп оқушылары кітапханаға саяхат жасады. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы профилактикалық жұмыстар негізінде 9 сыныпқа ақпараттық-тәнімдік шара өткізілді. «Ұстазыңды құттықта!

чөллендік өткізіліп мектеп оқушылары мен бітіріп кеткен түлектер құттықтау жолдады.

«Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбымен ашық тәрбие сағаттары, карттар мерекесіне арналған мерекелік шаралар өткізілді. Ата-ана мен баланың арасындағы бірлік пен татулық қасиеттерін нығайта отырып, салауатты өмір салтын насиҳаттауға баулу мақсатында "Спорт және салауатты өмір салты" фракциясының жетекшісі Н.Елеевтің ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушылары аралығында "Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы" атты отбасылық спорттық сайысы Республика күнінің жаңа ұлттық мереке ретінде қоғамдағы тарихи мәртебесін бекіту мақсатында "Тұған жерім - Қазақстаным!" атты салтанатты жиын өткізілді.

Арал қаласының 95 жылдық мерейтойы қарсаңында, «Тұған жердің мерейін өсіру – жастарға парыз!» атты Аралдың белсенді жастарымен кездесу кеші өткізілді.

Оқушылардың күз туралы дүниетанымын арттыру, күз мезгілінің қоршаған ортаға әсерін таныту, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, мерекелік көңіл-күй сыйлау. Әр адамның бойындағы қасиеттерін таныту, өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру мақсатында 8 - 9 сынып оқушылары аралығында "Күз аруы - 2022" сайысы өткізілді, білім алушылардың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерін ұялату үшін мейірімді, қайырымды қасиеттерді игеруге ықпал ету, сана-сезімін дүниетанымын дамыту, достыққа тәрбиелеу мақсатында "Қамқорлық күні" шарасы көңілді үзіліс, әкелерді мектептегі қоғамдық іс-шараларға қатыстыру арқылы отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында мектеп парламенті көшбасшылары мен "Жас ұлан" ұйымдастыруымен "Әкем және мен" атты футболдан сайыс өткізілді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Д.Бекжанованаң ұйымдастыруымен Б.Майлиннің «Күлпаш» әңгімесінің желісі бойынша «Қауқарсыз ба едің, қазақ әйелі?» тақырыбында дебат өткізілді. Дебатқа қатысқан мұғалімдер өздерінің шеберлік сөз саптауларын, шешендік сөз үлгілерін көрсете білді. "Кітап оқы да, трендте бол" атты оқырман бенефисі болып етті. Оқырмандарды көркем шығармалар оқуға шақыру, кітап рухани байлық екенін ұғындыру, кітапханашымен оқырман арасындағы ізгі байланысты жандандыру. Кітап дегеніміз-алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырыған рухани өсінеті. Кітап таңдал, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіне жарата білу-әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындастын алғы шарттардың бірі. Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған 7-8 сынып оқушылары арасында «Жыр тұнған жалын жүрек» атты ақын өлеңдерінен мәнерлеп оқу сайысы,

1 наурыз алғыс айту мерекесіне орай отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру мақсатында «Рухы биік әкелер – ұлт болашағын мәпелер» атты әкелерге арналған танымдық семинар - кеш өткізілді. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық Қосымша Білім Беру Оқу-Әдістемелік Орталығының (РКББОӘО) 1 наурыз «Алғыс айту» күніне арналған "Алтын

"жүрек" чөллендіжіне №281 негізгі мектебі "Мектеп парламентінің" мүшелері үн қосты. 8 наурыз мерекесі қарсаңында "Бәрі де, Ана, бір өзіңен басталады" тақырыбында 5 сыныбы оқушыларының ұйымдастыруымен ата-аналар мен ұстаздарға арналған мерекелік ашық тәрбие сағаты, бастауыш сынып бірлестігінің ұйымдастыруымен "Ана-гүл, ана-өмір шуағы!" атты мерекелік кеш, №265 мектебінің ардақты аналары мен қыз-келіншектерінің құрметіне арналған "Ана - өмір, ана - бақыт, ана - гүл" атты мерекелік салтанатты шара өткізілді. Наурыз мерекесі қарсаңында «Ұлттық тағамдар» сайсы ұлттық тағамдармен таныстыру, «Наурыз – ұлыстың ұлы құні» атты сурет сайсы, "Наурыз тойы - дәстүрлі мереке" атты тәрбие сағаттары, «Наурыз мейрамы» атты домбырашылар чөлленді, «Өнерлі өрендер» атты балалар фестивалі өткізілді.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасына сәйкес «Тұған өлкенің табиғаты» тақырыбында «Балықшылар аллеясына» оқушылармен саяхат жасалды. Парламент көшбасшылары туған жеріміздің табиғатын қорғауға үлес қосу мақсатында "Табиғатты, аяла!" жобасын бастады. Экологиялық жоба аясында оқушылар жиыны өткізіліп, іс-шара жоспарымен таныстырылды. Акцияға белсene қатысуға үндеу жолданды. Көкірегі ояу, талапшыл жастар алдағы уақытта қоршаған орта мен оның мәселелері барлық өскелең үрпақтың басты парызына айналатынына сенімді.

Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы, оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы бала бойына сініріп, денсаулығын шындаі түсү мақсатында бастауыш сыныптар бірлестігі апталығының жоспарына сәйкес, мектепалды сыныптары арасында "Ұлттық ойын – халық мұрасы" атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатында ұлттық ойындардың шығу тарихы мен ойналу ережелері таныстырылды. 5-9 сынып оқушылары арасында «Шахмат - ақыл-ой спорты» атты шахмат сайсы өткізілді. Мақсаты: оқушыларға шахматты насиҳаттау және дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Баланы жылдам ойлауға, шешім қабылдарап қадам жасауға баулу. Әр топ өздеріне берілген мектеп ауласын ұйымшылдықпен, ауызбіршілікпен ең бастысы көтерінкі көңіл-күймен қоқыстардан тазартты. "Ұлт ақыны-Шәкәрім" тақырыбындағы танымдық сағаты өтті.

Мақсаты: Халқымыздың тарихына, әдебиетіне, ұлы тұлғаларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Адалдықта, адамдықта тәрбиелуе мақсатында Шәкәрім ғұмырнамасынмен таныстырылым жасалды. Ақын шығармашылығындағы "Еңлік-Кебек" поэмасының желісінен оқушыларға бейнеүзік көрсетілді. "Мемлекеттік рәміздер - ұлт мақтанышы" атты оқушылар жиыны өткізілді. Апта барысында жетістікке жеткен оқушылар мен ұстаздар облыстық, аудандық дипломдармен марапатталды. "Алаш ұлагаты-ұландар үнінде" атты жылдық жоспарға сәйкес, "Қанатты достар" акциясы аясында 1-4 сынып жасқырандықтары құстарға арнап ұя жасап, ауладағы талдарға орналастырды. Білім алушыларды еліміздегі халықтар достығын дәріптей отырып, дәстүрі мен өнерін насиҳаттау мақсатында 5-7 сынып оқушылары аралығындағы «Бір шаңырақ астында» сайсы өткізілді. Жас үрпақты Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ата – бабаларымыздың ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі өнеге тұту, бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға, батыл болуға тәрбиелуе, мақсатында білім алушылар арасында «Ешкім де, ештең де, ұмытылмайды» атты мәнерлеп оқу сайсы, «Майдангерлер мәңгі жасайды» тақырыбында патриоттық ән байқауы, "Асыл сөзді іздесен, Абайды оқы ерінбе" атты сыныптан тыс іс шара, жастарды әскери-патриоттық бағытта тәрбиелуе, өскелең үрпақтың бойында Отансүйгіштік пен патриоттық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында 7 мамыр - Отан қорғаушылар құні және 9 мамыр - Ұлы Женіс мерекесіне орай ұйымдастырылған "Патриот үрпақ, рухты жастар, жарқын болашақ!" атты әскери аға үрпақ өкілдерімен кездесу кеші өткізілді. Ата-аналардың мектеппен қарым-қатынасын нығайту, жыл бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмысының қорытындысын талқылау мақсатында "Жетістік кілті талап пен еңбек" тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Мектеп даңқын асырып, биік жетістіктерге жеткен мектеп мақтаныштары - олимпиада, білім байқаулары, өнер сайыстары мен интеллектуалдық сайыстардың жеңімпаздары дәріптелді. Ерекше құрмет тек қана талант иелеріне ғана емес, сонымен қатар олардың жетекші мұғалімдеріне, білім белестерін бағындыруға себепкер болған ата-аналарына да арналды.

Өзін-өзі басқару үйымының жоспарына сәйкес, жыл басында отырыстарын өткізіп, алдағы жоспарлы жұмыстары туралы талқылау өткізді. Алғашқы тәлім сафатын жасап, биыл мектеп президенті сайлау болатындығын. сол сайлауға түсетін кандидаттардың бағдарламаларымен танысып, атсалысуға шақырды. Сонымен қатар, фракция мүшелері атқарған жұмыстарына есеп берді. Президентке үміткерлердің сайлауы өткізіліп, 8 сынып оқушысы Жагал Арайлым жеңіске жетті. Тәлім сафатында антын беріп, фракция жетекшілерінің тапсырмаларды орындаудың жауапкершілігін жүктеді. Ұстаздар мерекесінің құрметіне орай дублер күніне дайындық жасап, жоғары дәрежеде жауапкершілікпен алып шықты. Қарттар мен ардагер ұстаздардың үйлеріне барып, сұқбат алып, ән-жырларын арнап, сый сияптарын табысады. Парламент фракцияларындағы жоспарлы жұмыстарының негізінде «Ұстаздар апталығын» 9-сыныптармен бірлесе отырып ашылу салтанатын жасап, 1 ай көлеміндегі ақтарған жұмыстарына есеп берді. Ата-ана мен баланың арасындағы бірлік пен татулық қасиеттерін нығайта отырып, салауатты өмір салтын насиҳаттауға баулу мақсатында "Спорт және салауатты өмір салты" фракциясының жетекшісі Н.Елеевтің үйымдастыруымен 5-6 сынып оқушылары аралығында "Дені сау ұрпақ - ұлт болашағы" атты отбасылық спорттық сайысы өткізілді. Ұстаздар мерекесі қарсаңында өткізілген мерекелік кеште мектебімізден зейнетке шыққан қарттарымыз бен мектептегі ұстаздарды мерекемен жас буын өкілдері мен өзін-өзі басқару үйымының көшбасшылары шын жүректен құттықтап, ақ тілектерін арнап, ән-куйден шашу шашты. Мерекелік шара жоғары деңгейде үйымдастырылып, көрермен тарапынан зор кошеметке ие болды!

Республика күнінің жаңа ұлттық мереке ретінде қоғамдағы тарихи мәртебесін бекіту мақсатында "Мектеп парламенті" үйымының үйымдастыруымен "Тұған жерім - Қазақстаным!" атты салтанатты жиын, Арал қаласының 95 жылдық мерейтойы қарсаңында «Тұған жердің мерейін өсіру – жастарға парыз!» атты Аралдың белсенді жастарымен кездесу кеші өткізілді. "Жас ұланның жүлдізды жылы" жоспарына сәйкес

қарттар мерекесі қарсаңында педагог үйымдастырушы, тәлімгер, қамқорлық фракциясының үйымдастыруымен "Жақсылық жасап жарыс!" акциясы аясында ата-әжелерімізге құрмет көрсетілді. Оқушылардың Күз туралы дүниетанымын арттыру, күз мезгілінің қоршаған ортаға әсерін таныту, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, мерекелік көңіл-қүй сыйлау. Эр адамның бойындағы қасиеттерін таныту, өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру мақсатында 8 - 9 сынып оқушылары аралығында "Күз аруы - 2022" сайысы, білім алушылардың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерін ұялату үшін мейірімді, қайырымды қасиеттерді игеруге ықпал ету, сана-сезімін дүниетанымын дамыту, достыққа тәрбиелеу мақсатында "Қамқорлық күні" шарасы көңілді үзілісте 7 -8 сынып оқушылары аралығында өткізілді. Ата-ананы, әкелерді мектептегі қоғамдық іс-шараларға қатыстыру арқылы отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту "Әкем және мен" атты футболдан сайыс, «Жылдың үздік оқушысы - 2022» байқаулары болып өтті. 1 наурыз алғыс айту мерекесіне орай отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру мақсатында «Рухы биік әкелер – ұлт болашағын мәпелер» атты әкелерге арналған танымдық семинар – кеші, "Алтын жүрек" чөллендіждеріне үлес қосты.

Наурыз мерекесі қарсаңында «Ұлттық тағамдар» сайысы, «Өнерлі өрендер» атты балалар фестивалі, "Қариясын сыйлағанелде қасиет бар" атты тәрбие сағаттары өткізілді.

2023 жылдың 5 мамыры күні жастарды әскери-патриоттық бағытта тәрбиелеу, өскелең ұрпақтың бойында Отансүйгіштік пен патриоттық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр - Ұлы Жеңіс мерекесіне орай үйымдастырылған "Патриот ұрпақ, рухты жастар, жарқын болашақ!" атты әскери аға ұрпақ өкілдерімен кездесу кеші өткізілді. Ата-аналардың мектеппен қарым-қатынасын нығайту, жыл бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмысының қорытындысын талқылау мақсатында "Жетістік кілті талап пен еңбек" тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

«Дебат» жобасы аясында: "Отбасы - бақыт мекені" іс-шара жоспары негізінде қосымша білім беру педагогі Мырзагалиев Серіктік үйымдастыруымен «Ұлттық тәрбие - ұлт болашағы» атты пікірталас «Әскерге барған дұрыс па әлде бұрыс па?» тақырыбында 9 сынып оқушылары аралығында дебат. Сонымен қатар «Ұшқыр ой алаңы» клубының мүшелері аралығында «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» , «Бұл палата Қазақстан бақытты балалар мекені» ,

«Интернеттің пайдасы мен зияны», «Қазіргі жастарға патриотизм тән бе?» тақырыптарында дебат сайыстары өткізілді.

"БАБАЛАР ҮНІ" акциясы аясында "ҚАМБАР БАТЫР" жыр оқу челленджі, "Ұлт ақыны-Шәкәрім" тақырыбындағы танымдық сағаты, "Ұздік оқырман отбасы" байқауы, "Көркем шығарма – оқырман окушы – ой-талғам» тақырыбында оқыған және енді оқитын кітаптары бойынша фото – челлендждер үйімдастырылды.

«Мектеп театры» жобасы аясында: жұмыс жоспары жасалынып, бекітілген. Алғашқы ұстаздар мерекесінде шағын қойылымнан бастаған театр мүшелері өз шеберліктерін көрсете білді. «Алтын күз» мерекесінде апта бойына оқушылар түрлі қойылымдар жасап, актерлік шеберліктерін, талантарын көрсете білді. «Актёр болғым келеді» театр үйірмесі мектебіміздегі шығармашыл, талантты, дарынды оқушылардың басын қосқан шағын орталық.

2022-2023 оқу жылындағы мектепішілік үйірмелер

Оқушылардың сабақта қатысу журналы арналып, оған мектеп басшысы қолы қойылышып, мөрленген. Сабақта қатысу бойынша 10 күннен аса себепсіз сабақтан қалған оқушылар тіркелмеген. Оқушылардың әлеуметтік жағдайына зерттеулер жүргізілген.

Сынып жетекшілер, психологияк және әлеуметтік педагогтармен бірлесе отырып қолайсыз, патронат, үйде оқитын оқушылардың түрмистық жағдайын тексеру, актілеу жұмысы жүргізілді. Сабақта қатыспаған оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Көмелет жасқа толмағандар мен жасалған бұзақылық, қылмыстық іс тіркелмеді. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың, қылмыстылықтың алдын алу мақсатында тұңғы рейд кезекшілігі жұма, сенбі, жексенбі құндері жүргізіліп келеді. Каникул уақытында оқушылардың қауіпсіздік ережелері, ата-аналарға кеңес, жадынама мектептің фейсбук, инстаграм, ватсан чаттарына таратылады. Күзгі каникул кезінде үйімдастырылатын іс-шара жоспары жасалып, бекітілді. Барлық шара отбасымен бірігіп өткізіледі, әлеуметтік желіге жарияланады.

Жалпыға міндетті білім беру заңын орындау мақсатында аз қамтылған отбасы балаларына қолдау көрсету үшін тамыз айында «Мектепке жол» республикалық акциясы өтті. Акцияның мақсаты: көмекке мұқтаж балаларды барынша қамту, жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығының қалған балаларға, көп балалы, түрмис жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

Құқық бұзушылыққа бейім оқушы жоқ. Оқушылардың тәрбиелік деңгейін анықтау бойынша диагностикалық мәліметтері сақталған. Мектепішілік ата-аналар жиналысы үйімдастырылып, жиналыс барысында көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша, топтық тәбелестердің алдын алу, жыныстық қол сұғылмаушылық, нашақорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, буллинг, кибербуллингтің алдын алу және балалар суицидтерінің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар ауылдық участковыймен 8-9 сынып оқушылары арасында көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша, топтық тәбелестердің алдын алу тақырыбында бірлескен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-анамен жүргізілген жұмыстарда әрбір оқушының ата-анасымен онлайн байланыс жолға қойылған. Оқу жылы басталғалы 1 рет жалпы ата-аналар жиналысы өткізілген. Әр сыныптарда тоқсан сайын ата-аналар жиналысы өткізіліуі туралы жоспарланған. Оқушылардың ынтасын, қабілетін зерттеу, (көсіби) бағдар беру мақсатында әр оқушыға жеке-жеке жүргізілген жұмыстары жинақталған. 7-9 сынып оқушылары арасында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді.

1 қыркүйек күні 5-9 сынып оқушыларымен «Жалпы құқықтың білім беру сабағы» іс-шарасы аясында құқықтық сағат болып өтті. Қызылорда облысы төңірегінде болып жатқан жасөспірімдер арасындағы криминогендік ахуал жайлы ақпарат беріп, тақырыпқа сай мазмұнды бейнероликтер, слайдтар көрсетілді.

20 қазан күні 2022-2023 оку жылы №281 негізі мектепте 25 қазан - Республика күніне арналған іс-шаралар жоспары аясында 2-9 сынып оқушылары "Атамекен" тақырыбында патриоттық диктант жазды. 21 қазан күні сағат 08:30 да бірінғай Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимнін орындау рәсімі өткізілді.

Мектепте 6 желтоқсан күні "9 желтоқсан - Халықаралық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес" күніне орай "Сыйбайлас жемқорлық - қауіпті әлеуметтік құбылыс" тақырыбында сурет көрмесі үйымдастырылды.

№281 негізгі мектебінде "9 желтоқсан – Халықаралық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес күні" аясында 6 желтоқсан күні "Адал үрпақ" ерікті мектеп клубы мүшелерімен пікірсайыс өткізілді . Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдерді құқық бұзушылыққа қылмысқа апаратын жол бұл - олардың мектеп, ата - аналар тарағынан қадағалаусыз, бақыласыз болу, назардан тыс қалу жағдайларынан орын алады. Осы жағдайларды болдырмау мақсатында құқық қорғау органдарымен бірлескен іс – шаралар жоспары екі жақты бекітілді.

«Тұнгі қаладағы балалар» рейдтері, «Жасөспірім», «Жасөспірім - заң қауіпсіздік» профилактикалық іс – шаралар өткізілді.

14 қараша күні №281 негізгі мектебінде жаңа форматында мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. 2022 жыл- Балалар жылы деп жариялануына орай №265 негізгі мектебінде «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында өтетін онкүндіктің іс-шаралар жоспары аясында "Білім алушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу" және "Абайлаңыз балалар!" атты мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру. Ақшаның пайда болу тарихы, өз ұлттық тәнгеміздің айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру мақсатында 9- сынып оқушыларына 15 қараша-Ұлттық валюта күніне орай тәрбие сағаты өткізілді.

23 қараша күні АИТВ/ ЖИТС, «Зиянды әдеттердің алдын-алу», «Салауатты өмір салты» туралы 8-9 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізді.

23-қараша күні оқушылардың білімдік дағдысын қалыптастыра отырып, адамгершілік бағытын жетілдіру, таныту, толеранттылыққа баулу. Қоғамның тұрақты дамуы үшін жалпы және ұлттық құндылықтар мен мақсаттарға негізделген рухани- адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген жас үрпақты дамыту және тәрбиелеу"Жалпы адамзаттық құндылықтар-бақытты өмірдің негізі" тақырыбында 1-9 сыныптар арасында видеоролик жолдау өтті.

8-9 сынып білім алушыларына «Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кездесу үйымдастырылды. Кездесуде білім алушыларды беймезгіл уақытты яғни сағат 23.00-ден кейін кәмелетке толмағандардың заңды өкілінсіз көшеде жүруіне болмайтынын және көше әдебін сақтау мақсатында кез келген жерге қоқыс қалдықтарын тастауға болмайтынын түсіндірді. Білім алушыларға бейнероликтер көрсетіліп, жағымсыз әдеттерден аулақ болуға шақырды.

Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың, жыныстық қол сұғылмаушылықтың, құқықбұзушылықтың алдын алу»

2022-2023 оқу жылындағы №281 негізгі мектебі бойынша спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Катысқан іс-шара	Нәтиже	Жетекшісі
1	Тұрғанбаев Ринат	8	«Шахмат» спорт түрінен ұлттық мектеп лигасының аймақтық кезеңінде	II орын	Н.Ермахан
2	Мұратұлы Мадияр	8	«Шахмат» спорт түрінен ұлттық мектеп лигасының аймақтық	II орын	Н.Ермахан

			кезеңінде		
5	Бисенбай Аяна	8	Қазақстан халқы Тілдері күні мерекесі аясында, қазақ әдебиетінің классигі, әдебиетші-ғалым Әуезов Мұхтар Омарханұлының 125 жылдығына орай «Рухани болмысты жаңғырту-ұрпақ ұлағаты» атты дәстүрлі облыстық ділмар- шешендер байқауы.	Алғыс	Д.Бекжанова
6	Тілек Самат	3	16желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай аймақтық мектептер арасында 3-4сынып оқушыларына арналған «Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты мәнелеп оқу	III	Аңсатова.Г
7	Абдулла Кәусар	6	Ақиық ақын М.Мақатаевқа арналған «Есіце мені алгайсың» атты мәнерлеп оқудан	III дәрежелі диплом	Д.Бекжанова

Спорттық, шығармашылық, мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері

Бағыты	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық	Жалпы саны
2022-2023 оқу жылы	14	2	0	1	17